



№ 222 қызыл 14/мәсл.хат/2014 № 311-36/95

№ 222 қызыл 14/мәсл.хат/2014 № 311/36-1/1

**Астана қаласының
кейбір құрамдас бөліктеріне
атау беру және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес, Астана қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

- Астана қаласының «Алматы» ауданы бойынша:
жобалық атауы А23 көшеге – Әскен Нәбиев көшесі;
жобалық атауы А24 көшеге – Сырбай Мәуленов көшесі;
Астана қаласының «Есіл» ауданы бойынша:
жобалық атауы Е12 көшеге – Мәншүк Мәметова көшесі;
жобалық атауы Е20 көшеге – Шапық Шөкин;
жобалық атауы Е753 көшеге – Санжар Асфендияров көшесі;
Астана қаласының «Сарыарқа» ауданы бойынша:
жобалық атауы № 187 көшеге – Бердібек Соқпақбаев көшесі;
жобалық атауы № 189 көшеге – Бейбарыс сұлтан көшесі.


2. Мыналар:

- Астана қаласының «Алматы» ауданы бойынша:
жобалық атауы № 23-16 көше – Мағжан Жұмабаев даңғылы;
Астана қаласының «Байқоңыр» ауданы бойынша:
Мәншүк Мәметова көшесі – Қарамерген көшесі;
Астана қаласының «Есіл» ауданы бойынша:


Бұқар жырау көшесінен басталатын № 29/1 жобалық көшесімен аяқталатын Сауран көшесінің бөлігі – Гейдар Әлиев көшесі болып қайта аталсын.

3. Осы Астана қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілсін.

Астана қаласы әкімінің
міндетін атқарушы

 А. Көлгінов

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

 Е. Канагимов

